**Автор**: Искожа Арайлым Сайлаубековна
**Пән**: Әдебиеттік оқу
**Сынып**: 2-сынып
**Бөлім**: Саяхат
**Тақырып**: «Кемпірқосақ» Мұзафар Әлімбай.

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 2.1.5.1 - өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: Өлеңді мәнерлеп оқу.<br>Көптеген оқушылар: Тірек сөздерді пайдаланып, өлеңді құрастыр.<br>Кейбір оқушылар: Өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу. |
| Тілдік мақсаттар: | Пәнге қатысты лексика мен терминологиясы: Шайдай, кемпірқосақ асылды.<br>Диалог пен жазуға пайдалы сөз тіркестері: Қызыл-жасылды, қызық-ақ.<br>Сұрақтар: - Балалар жазда не көп жауады? - Жаңбырдан соң не шығады? - Кемпірқосақ неден пайда болады? |
| Бағалау критерийлері: | Барлық оқушылар: Өлеңді мәнерлеп оқиды.<br>Көптеген оқушылар: Өлеңнің авторы кім? Ол туралы не білетініңді еске түсірді.<br>Кейбір оқушылар: Өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізеді. |
| Құндылықтарды дарыту: | Қоршаған ортаны, табиғатты қорғау. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интербелсенді тақта. |
| Пәнаралық байланыс: | Дүниетану, көркем еңбек |
| Бастапқы білім: | табиғат құбылыстарын біледі. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5) | -Амандасу: Сәлемесіздер ме оқушылар. «Бір күнгі танысыңа, қырық күн сәлем» дегендей амандасып алайық. -Қатысушылардың орындықтарының арқасында жасыл, сары, қызыл, көк, жасыл түсті қағаздар ілінеді.Түстері сәйкес келген адамдар бір- бірімен амандасады.<br>1 қатар -(көк түстілер) Сәлем! деп екі қолдарын жоғары көтеріп амандасады.<br>2 қатар-(сары түстілер) Hai- деп оң қолдарын көтеріп амандасады.<br>3 қатар- (қызыл түстілер) қолдарын кеуделеріне қойып бастарын иеді.<br>4 қатар –(жасыл түстілер) бір –бірімен қол алысып амандасады. - Амандасқаннан кейін көк,сары,қызыл,жасыл түстер топқа бөлініп отырамыз. | Қима қағаздар |

| **Сабаққезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (20) | Мақсат қою Өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу. Диалогке түсу. Балалар жазда не көп жауады? Дұрыс, жаңбыр. Жаңбырдан соң не шығады? Доға тектес 7 түсті кемпірқосақ пайда болады.<br>Тыңдалым /Айтылым -Кемпірқосақ әнің бейнематериал арқылы тыңдатамын. -Ғаламторды пайдаланып сабақтың тақырыбын ашу. Ой қозғау. -Балалар қалай ойлайсыңдар бүгінгі сабағымздың тақырыбы қандай? ББҮ әдісі. Білемін Білдім Үйрендім Ұжымдық жұмыс Білу және түсіну .Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады . 1топ.Барлық оқушылар: «Кемпірқосақ» өлеңін мәнерлеп оқиды. Өлеңді мәнерлеп оқуды бағалау критерийлері: Өлеңді мәнерлеп оқуда мына талаптарға ұстаным жасау керек: 1. Логикалық екпінді дұрыс қою; 2. Пауза қоя білу; 3. Дұрыс жылдам оқуды сақтау; 4. Интонацияға көңіл бөлу; 5. Қатесіз оқу. «5» — аталған барлық талаптар сақталса; «4» — аталған талаптардың 1-2- і орындалмаса; «3» — аталған үш талап бойынша қате жіберілсе; «2» — аталған талаптардан -3-4, немесе одан да көп қате жіберілсе.<br>2топ.Көптеген оқушылар: Өлеңнің авторы кім? Ол туралы не білетініңді еске түсіреді.Сызбаны толықтыр. «Броундық қозғалыс» Мұзафар Әлімбаев. Павлодар облысында туған Ақын,халық жазушысы Ұлы отан соғысына қатысқан. Қысқаша мәлімет беріп сызбаны толықтырады. «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі. Сергіту сәті: Жаңбыр жауды (тықылдайды) Жаңбыр қатты,қатты жауды. Найзағай жарқ етті. (шапалақ) Күн ашылды,жаңбыр басылды. (отырады)<br>3топ.Жұптық жұмысТірек сөздерді пайдаланып, өлеңді құрастыр. Нөсер құйып .... Күн жарқырап ... Кемпірқосақ көк... Доға болып ... Тірек сөздер: өткенде,ашылды,белге,асылды. Дұрыс жауаппен өздерін бағдаршам көздері арқылы бағалайды. Кепірқосақ» ойыны.Ойынның шарты: Ойынға қатысушылар ортаға шығады.Мен қатысушыларға Кемпірқосақтың бойында бар түстерді айтамын қатысушылар сол туске байланысты заттарды табуы қажет .<br>4топ.Кейбір оқушылар: Өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу. Мәтіннен суретке қатысты сөздерді тап және баланыстырып жаз. Көкте қызыл-жасыл Мың құбылып жайнайды Жеті түрлі бояулы Дескриптор: Білім алушы - Өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізеді. - Мәтіннен суретке қатысты сөздерді тап және баланыстырып жаз.<br>Топ басшысы сабаққа қатысқан балаларға қолшатыр таратады.<br>«Қолшатыр» арқылы бағалау «5»-Күн «4»-Кемпірқосақ «3»-Найзағай<br>Үй жұмысы дереккөздерді ,ғаламторды пайдаланып ,кемпірқосақтың қалай пайда болатының біліп кел? | Суреттер<br>https://www.youtube.com/watch?v=y5mF5aU4JNw<br><br>«Дауыстап ойлау» әдісі. Жұптаса отырып берілген тақырыпты біреуі дауыстап оқиды, екіншісі тыңдай отырып ой түйеді. Бір- біріне түсіндіреді.<br>Сызба. Энциклопедия «Броундық қозғалыс» Сынып ішіне тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ақпараттар орналастырылады.Оқушылар бүкіл сынып ішінде қозғала жүріп, берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды.<br>Тірек сөздер<br>https://twig-bilim.kz/ru/film/what-is-a-rainbow |
| Сабақтың соңы (5) | Қорытынды. Кемпірқосақ әнімен. | https://twig-bilim.kz/ru/film/what-is-a-rainbow |
| Рефлексия (5) | Рефлексия «Кемпірқосақ» Тақтадағы кемпірқосақ суретіне өз есімдері жазылған стикерлерді желімдейді. Олар ең төмендегі қызыл түстен ең жоғары орналасқан күлгін түске стикерлерді желімдеу арқылы өздерінің сабақтағы түсінік (немесе көңіл-күй) деңгейін білдіреді. | рисунок радуги. |
| Сабақ барысында (5) | Сабақтағы оқу мақсаты мен міндеттері орындалды . Бүгінгі сабақта оқушылар өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізді. Сабақ өз дәрежесінде өтті. Жоспарланған саралау сабақ барысында өз нәтижесін берді. Уақытты тиімді пайдаландым. Жоспарға өзгерту еңгізбедім. | |